

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Желтоқсан айы - V апта (28.12 - 31.12.2020жж) (қайталау)

Өтпелі тақырып: "Менің Қазақстаным."

Апталық тақырып: "Ғажайып қыс."

Мақсаты: Балаларға өздерінің Отаны туралы түсінік беру. Балалардың бойында рухани – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Өз туған жеріне деген патриоттық сезімге, өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу.

Міндеті: Отан деген сөздің мағынасын ұғыну. Өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 28. 12. 2020ж | Сейсенбі 29. 12. 2020ж | Сәрсенбі 30. 12. 2020ж | Бейсенбі 31. 12. 2020ж |
|---|---------------|---|--|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу | 8.00-8.40 | Ата - аналармен амандасып, балаларды тазалықтарын тексеріп, температураларын өлшеп қабылдап алу. | | | |
| Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б) | | <p>Психологиялық жаттығу Сабындадық құлақты, атқан шақта жаңа таң. Міне, қандай қолымыз, міне қандай алақан. Соқтық, міне, алақан, аяғымыз билейді. Қуанғанда алақан алақанға тимейді.</p> | <p>Дидактикалық ойын: "Әр түрлі торсықтарды түсіне қарай орналастыр" Мақсаты : Әртүрлі торсықтарды түстеріне қарай орналастыра білуді, түстерді ажырата білуді үйрету.</p> | <p>Дидактикалық ойын: "Еңбек құралдарын ата" Мақсаты: ойлау қабілетін жетілдіріп, жұмбақ шешуін табуға үйрету.</p> | <p>Психологиялық жаттығу «Шеңбер» ойыны. Ойынның барысы: балаларға бір - бірінің қолдарын ұстап, шеңбер құрып тұру ұсынылады. Сонымен қатар, шеңбер бойымен тұрған балалардың әрқайсысы өзіне қарсы тұрған баланың көзіне қарап, жылы жүзбен күлімсіреу керек.</p> |
| Таңертеңгілік жаттығу | | Ертеңгілік жаттығу кешені: "Текшемен" | | | |
| Таңғы ас | | Асқа отырғанда сөйлемеуге, тамақ ішкен кезде қасықты дұрыс оң қолға ұстауға үйрету. Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру. | | | |
| Ұйымдастырылған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.40-9.15 | <p>Сурет бойынша әңгімеле: "Менің сүйікті мамандығым" Мақсаты: сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуге үйрету</p> | <p>Санамақты үйрету. Мақсаты: Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру.</p> | <p>Дидактикалық ойын: "Нені қайда қоямыз?" Мақсаты: Әр заттың өз орны бар екенін айтып түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.</p> | <p>Дидактикалық ойын: "Ғажайып қалта" Мақсаты: сезім мүшелері арқылы заттарды ажырата білуге үйрету.</p> |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған | 9.15-10.20 | <p>1"Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қысқы қызықтар».</p> | <p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс кереметі»</p> | <p>1."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы:«Қар</p> | <p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай</p> |

| | | | | |
|--------------------------|---|--|--|--|
| <p>ан оқу қызметтері</p> | <p>Мақсаты: Тәрбиешінің сұрақтарына жауап бере отырып, қыс мезгілі жайында мазмұнды суреттерді қарастыра отырып, сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету, қысқы ауа райының құбылыстары жайлы түсінік беру. Жыл мезгіліндегі құбылыстар туралы білімдерін дамыту. Сөз бен сөздерді байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Балаларды көріп-білгендерімен бөлісуге, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсіл:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1."Жыл мезгілдерін ата" ойыны. 2.Көрнекілік арқылы қыс мезгілімен таныстыру. 3.Қостілділік:қыс-зима. 4.Қимылды ойын:"Қар лақтыру" 5.Сұрақ-жауап,мадақтау. 6.Сергіту сәті. <p>2"Таным"</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Тақырыбы: "Қыс келді, алақай!"</p> <p>Мақсаты: Балаларға екі затты ұзындығы бойынша ұзын, қысқа және ұзындықтары бірдей сөздерін қолданып салыстыруды үйрету. Бір қатарда орналасқан аз-көп, осыншама сөздерін пайдаланып екі заттар тобының арасында теңдік пен теңсіздік орнату біліктілігін бекіту.</p> <p>Әдіс-тәсіл:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Жұмбақ жасыру: Қалқиып екі құлағы, Елеңдеп қорқып тұрады (қоян) 2.Қонаққа қояндар келеді.Екі түрлі қоян,екі жолмен келеді.Салыстырып айту:ақ қоян,сұр қоян,ұзын жол,қысқа жол. 3.Ойын:"Сиқырлы қарындаштар" <p>Шарты: Қарындаштардың ұзындығын,түсін айту.</p> <ol style="list-style-type: none"> 4.Қостілділік:ұзын-длинный,қысқа-короткий. | <p>Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Құрсауға секіруде, одан шығып секіруде, екі аяғымен екпінмен итерілуге үйрету. Бір алаңнаң екінші алаңға жеңіл жәнек ырғақты жүгіру білуін бекіту, шыдамдылықты дамыту</p> <p>3"Шығармашылық"</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Қыс күні» (Ж. Мұхамеджанова)</p> <p>Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну. Қыс қызықтары туралы айту. Қарапайым би элементтерін көрсету.</p> | <p>жинаймыз»</p> <p>Мақсаты: Педагогке доп лақтыруды және одан допты саусақтарын жан-жаққа еркін қойып, қағып алуды үйрету. Екі аяғымен бір мезгілде екпінмен итерілу және аяқтың басына жерге түсе білуін бекіту.</p> <p>2."Қатынас"</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: :«Қыс» Н.Аманжолова</p> <p>Мақсаты:Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін бекіту. Өлең мазмұнымен таныстырып, сөйлеу қабілеттерін дамыту</p> <p>2"Шығармашылық"</p> <p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы:«Жапалақтап қар жауды»</p> <p>Мақсаты: Көгілдір астарға қардың әдемі жауатынын көрсете отырып, ақ бояумен (гуашь) саусақты малып, ұлпа қарларды жағу әдісі арқылы сурет салуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын дамыту. Әсем безендірулердің сезіне білуге үйрету.</p> <p>Әдіс-тәсіл:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Амандасу. Д/ойын:"Аққаланы құрастыру". Қыс ерекшелігін айту. 2.Н.Аманжолованың "Қыс"атты өлеңін оқып, мазмұнын түсіндіру 3. Жұмбақты шешу: Өзіжұмсақ.Түсі аппақ.Бұл не?(қар) 4.Қостілділік:қар-снег,қыс- | <p>гномдар қонақта»</p> <p>Мақсаты: Бір алаңнаң екінші алаңға жеңіл және ырғақты жүгіру білуін бекіту, шыдамдылықты дамыту. Педагогке доп лақтыруды және одан допты саусақтарын жан-жаққа еркін қойып, қағып алуды үйрету.</p> <p>1."Таным"</p> <p>Жаратылыстану.</p> <p>Тақырыбы: "Қыста қар көп жауады"</p> <p>Мақсаты: Балалардың қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін нығайту, қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін қалыптастыру. Жылы киініп, шанамен сырғанап, аққала жасайтын ғажайып қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру. Тақырыпқа сәйкес жұмбақ шешкізіп, балалардың зейінін дамыту, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсіл:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Амандасу 2.Ғажайып сәт:Ішке қонаққа Аққала келеді. 3.Аққала балаларға жұмбақ жасырады. 4.Көрнекілік арқылы қыс мезгілі туралы түсінік беру. 5.К/ойын:"Қар лақтыру." 6.Аққала қоштасып шығып кетеді. 7.Сұрақ-жауап,мадақтау. 8.Сергіту сәті. |
|--------------------------|---|--|--|--|

| | | | | | |
|--|-------------|--|--|---|--|
| | | 5.Сергіту сәті. 6.Сұрақ-жауап,мадақтау | | зима. 5.Сергіту сәті. 6.Сурет салу."Жапалақтап қар жауды." 7.Сұрақ-жауап,мадақтау. | |
| Серуенге дайындық | 10.20-10.40 | Киімдерін ретімен киюге үйрету. Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | |
| Серуен | 10.40-12.00 | 1.Ауа - райын бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу,табиғат құбылысын сезінуге тәрбиелеу. 2.Еңбек: ойын алаңын реттеу. 3. Қимылдық ойын: "Допты дәл түсір" Мақсаты: шапшандылыққа үйрету. 4. Жеке-жұмыс: Аяна мен Мадинадан қыс айларын сұрау. Мақсаты: есте сақтау қабілетін арттыру. 5.Еркін ойындар. | 1.Күнді бақылау. Мақсаты: жылуын, жарығын сезіну, табиғатты аялауға үйрету. 2.Еңбек: Ересектер көмегімен қарапайым еңбек тапсырмаларын орындау; Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу,табиғатты аялауға үйрету; 3.Қимылдық ойын: "Мысық пен тышқан" Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру. 4.Жеке-жұмыс: Мадина мен Аружанға санамақ санату. Мақсаты: тіл байлығын молайту. 5. Еркін ойындар. | 1.Ғимараттарды бақылау. Мақсаты: биік-аласа ұғымын бекіту. 2. Еңбек: Ойын алаңын жинау. Мақсаты: еңбекке баулу. 3. Қимылдық ойын: "Кім шапшаң?" Мақсаты: қимыл-қозғалысын арттыру. 4. Жеке-жұмыс: Нұрасыл мен Аминатқа "отбасы" туралы тақпақ жаттату. Мақсаты: есте сақтау қабілетін арттыру. 5. Еркін ойындар. | 1. Аула жинаушы апайдың еңбегін бақылау. Мақсаты: үлкеннің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. 2. Еңбек: Алаңды реттеу. Мақсаты: еңбекке үйрету. 3. Қимылдық ойын: "Ақ серек, көк серек" Мақсаты: қимыл-қозғалысын арттыру. 4. Жеке-жұмыс: Бекжан мен Айназға 1-3ке дейін тура,кері санау. Мақсаты: логикалық ойын жетілдіру. 5.Еркін ойындар. |
| Серуеннен оралу | 12.00-12.20 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, жинау,жуыну, тамаққа дайындалу. | | | |
| Түскі ас | 12.20-13.00 | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесін жүргізу. | | | |
| Түскі ұйқы | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.. Ұйқыға кеткенше жандарында отыру. | | | |
| | | "Ертегілер" әнін тыңдату арқылы тәтті ұйқыға жатқызу. | Жәй музыка әуенін тыңдату арқылы ұйықтату. | "Үш аю" ертегісін тыңдату арқылы ұйықтату | "Сиқырлы сандық" ертегісін тыңдату арқылы тәтті ұйқыға жатқызу. |
| Біртіндеп ұйқыдан тұру, шынықтыру шаралары | 15.10-15.40 | Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру. | | | |
| Бесін ас | 15.40-16.10 | Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету. | | | |

| | | | | | |
|--|-------------|---|--|--|---|
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | 16.10-16.30 | <p>Вариативтік компонент: "Сиқырлы әлем" Тақырыбы: "Аққала" Мақсаты: Аққаланы қақпақтарды бастыру арқылы бейнелеуді үйрету. Көлемі үш түрлі қақпақтарға ақ бояуды жағып, оны кезекпен бастырып, аққаланы бейнелету. Бояумен ұқыпты жұмыс асауға машықтандыру</p> <p>Жеке жұмыс: Бекжанға түстер мен көлемдерді толықтай ажырата білуге үйрету</p> | <p>Дидактикалық ойын: "Не өзгерді?" Ойынның мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Қыс»(сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: Аружан мен Ақниетке "көп", "аз", "биік", "аласа" деген ұғымдарды көрсетіп, меңгерту.</p> | <p>Табиғат бұрышындағы жұмыстар: Гүлдерге су құю, жапырақтарын сүрту. Топты жинау жұмыстарын ересектер көмегімен жүргізіп, кейбір еңбек әрекеттеріне ынталандыру</p> <p>Жеке жұмыс: Ақылбекке сөздерді анық айта білуге үйрету.</p> | <p>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету</p> <p>Жеке жұмыс: Нұрасылға жемістер мен көкөністердің айырмашылығы туралы меңгерту.</p> |
| Серуенге дайындық | 16.30-16.50 | Балаларды серуенге дайындап киінулерін қадағалау, қатарға тұрғызып, әдемі жүре білуге үйрету. Серуенге дайындық кезінде киімдерінің дұрыс киінулерін, бас киімдерінің киюлерін қадағалау. | | | |
| Серуен | 16.50-17.50 | <p>1. Кешкі ауа-райын бақылау. Мақсаты: табиғат құбылысын сезіну. 2. Қимылдық ойын: "Жалаушаға жет" Мақсаты: шапшаңдылыққа үйрету. 3. Еркін ойын.</p> | <p>1. Қысқы ағашты бақылау. Мақсаты: ағаштың ерекшелігін ажырату. 2. Қимылдық ойын: "Өз үйіңді тап!" Мақсаты: ойынға қызығушылығын арттыру. 3. Еркін ойын.</p> | <p>1. Тас жолды бақылау. Мақсаты: жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. 2. Қимылдық ойын: "Бағдаршам" Мақсаты: қимыл-қозғалысын арттыру. 3. Еркін ойын.</p> | <p>1. Қыс мезгілінің ерекшелігін бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ауа райын сезіну 2. Қимылдық ойын: "Кім шапшаң?" Мақсаты: шапшаңдылыққа үйрету. 3. Еркін ойын.</p> |
| Серуеннен оралу | 17.50-18.00 | Серуеннен қайту, аяқ киімдерін шешіп дорбаларына салу. Киімдерін сөрелерге мұқият жинау, бір - біріне шешінуге көмектесу. | | | |

| | | | | | |
|-------------------------|-------------|--|--|---|-------------------------------|
| Балалардың үйге қайтуы. | 18.00-18.30 | Ата-аналарға бетперде тағуға ұмытпауларын ескерту. | Балабақшадан кешікпей келулерін ескерту. | Ата-аналарға балабақшаның төлем ақысын төлеуді ескерту. | Демалыстарына сәттілік тілеу. |
|-------------------------|-------------|--|--|---|-------------------------------|